

№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы МКҚК

Педагогикалық әдеп кеңесінің отырысы

Тақырыбы: Әдеп нормаларын сақтау бойынша семинар-тренинг өткізу

ХАТТАМА № 3

Қатысканы: 28

Қатысқандар: Балабақша әкімшілігі,
педагогтар, қызметкерлер

Өткізілген күні: 07.02. 2024 ж

Өткізілген уақыты: 12:30

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Тренинг: «Педагогикалық әдеп және тәрбиеші имиджі».
2. Тәрбиешілердің ата-аналармен және балалармен қарым-қатынасын жақсарту әдістері.
3. Тренинг нәтижелерін талқылау және кері байланыс алу.

ШЕШІМДЕР:

1. Әдеп тақырыбындағы семинарлар мен тренингтерді тоқсан сайын өткізу.
2. Тәрбиешілердің кәсіби әдепті сақтау деңгейін бағалау үшін анонимді сауалнамалар жүргізу.
3. Педагогикалық әдепке байланысты шағымдар мен ұсыныстарды қарау үшін сенім жәшігін орнату.

Мазмұны:

Меңгеруші С.С.Баймағамбетова педагогикалық әдеп нормаларының маңыздылығын түсіндірді. Әдеп нормалары педагогтардың балалармен, ата-аналармен және әріптестерімен қарым-қатынасының сапасын анықтайды. Мекемедегі жалпы тәртіп пен мәдениеттің жоғары деңгейде болуы әдеп нормаларын қатаң сақтауға байланысты.

Тренинг: «Педагогикалық әдеп және қарым-қатынас мәдениеті»

Жетекші:

И.А.Джанадилова тренинг барысында педагогикалық әдептің негізгі ережелері таныстырылды. Қатысушылар рөлдік ойындар мен ситуациялық тапсырмалар арқылы түрлі жағдайларда әдептілік таныту жолдарын талдады. Әсіресе, балалардың көңіл-күйін түсірмеу, ата-аналармен конструктивті диалог жүргізу, әріптестермен сыйластық қарым-қатынас орнату әдістеріне баса назар аударылды.

Тренингтің бөлімдері:

1. Әдептің негізгі қағидалары (теориялық бөлім).
2. Ситуациялық тапсырмалар және олардың шешу жолдары.

Мазмұны: Тренингке қатысушылардың кері байланысы тыңдалды. Қызметкерлер тренингтің пайдалы болғанын және кәсіби қарым-қатынастағы өз кемшіліктерін анықтауға мүмкіндік бергенін айтты. Тренингтің ұжымдық рухты нығайтуға оң әсер еткені атап өтілді.

1. Әдеп нормаларын сақтау бойынша семинар-тренингтерді тұрақты түрде тоқсан сайын өткізу.
2. Тәрбиешілердің әдептілік деңгейін арттыру үшін жаңа әдістемелік материалдармен қамтамасыз ету.
3. Балалармен және ата-аналармен қарым-қатынас кезінде туындаған қиындықтарды талқылау үшін арнайы кездесу ұйымдастыру.
4. Қызметкерлерге кәсіби әдепті сақтау қажеттілігі туралы жадынамалар тарату.

Менгеруші С.С.Баймағамбетова тренингтің нәтижелерін оң бағалап, барлық қызметкерлерге кәсіби әдепті сақтаудың маңыздылығын еске салды. Барлық қабылданған шаралар бірауыздан мақұлданды.

ЫБЫМ;
Ы:

Хатшы:

Ж.Ильтаева